

**Басқарманың _____ ж. _____ "Дубайға отбасылық сапар"
науқанын өткізу туралы шешіміне
1-қосымша**

"Дубайға отбасылық сапар" науқанын өткізу ережелері

1. Осы "Дубайға отбасылық сапар" науқанын өткізу ережелерінде (бұдан әрі – "Ережелер") "Дубайға отбасылық сапар" науқанын (бұдан әрі – "Науқан") өткізу тәртібі мен талаптары айқындалады.
2. Науқан жеңімпаздары Ережелерде баяндалған өлшемдерге сәйкес айқындалатын болады.
3. Науқанды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев көшесі 56 мекенжайында орналасқан "Еуразиялық банк" АҚ (БСН 950240000112) (бұдан әрі – "Банк") болып табылады.
4. Науқан операторы Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таугүл – 2 ықшам ауданы, 37-ғимарат, 60-пәтер, пошта индексі 050063 мекенжайы бойынша орналасқан "Р4Р (ПиФоПи)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі / "Р4Р (ПиФоПи)" ЖШС (БСН 221140050245) (бұдан әрі-"Оператор") болып табылады.
5. Науқанның серіктесі - Mastercard Inc. (бұдан әрі - "Серіктес").
6. Науқан "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және "Лотереялар және лотереялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
7. Науқанға қатысу үшін ақы алынбайды.
8. Науқанға 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Ережелердің барлық талаптарының шарттарын тиісті түрде орындаған Банк шығарған Mastercard төлем карточкаларын ұстаушы жеке тұлғалар (бұдан әрі - "Қатысушы") қатыса алады.
9. Науқанға Банк қызметкерлері, Серіктестің қызметкерлері, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, оның ішінде тұруға ықтиярхаты бар адамдар, Банкпен ерекше қатынастармен байланысты адамдар, Қағидалардың 8-тармағында көрсетілмеген адамдар қатыспайды.
10. Науқанның жүлде қоры:

№	Жүлденің атауы	Жүлделердің жалпы саны, данасы	Жеңімпаздар саны
1	Бас жүлде – Дубайға 4 (төрт) адамға саяхат бұған 5* қонақ үйде орналастыруды қамтылады (2 ересек және 12 жастан аспаған 2 бала), Алматыдан/Астанадан эконом-класс арқылы екі жаққа да авиабилеттер (жеңімпаз ҚР басқа қаласынан ұшып келетін жағдайда, эконом-класс арқылы негізгі бағытқа ұшатын қалаға дейінгі трансферді банк төлейтін болады) кіреді. Сапар күндері – 01.04.2025-06.04.2025 ж.	1	Негізгі - 1 Қосалқы - 2
2	1-ші санаттағы жүлделер – Apple Iphone 16 PRO TUMI жол шамаданы Dyson шаңсорғышы	3 Apple Iphone 16 PRO – 1 TUMI шамаданы - 1 Dyson шаңсорғышы - 1	Негізгі - 3 Қосалқы - 6

3	2-санаттағы жүлделер (Аралық жүлделер) – 1. PlayStation 2. Apple жапсырмалы құлаққаптары 3. Apple планшеті	15 PlayStation - 5 Apple құлаққаптары - 5 Apple планшеті - 5	Негізгі - 15 Қосалқы - 30
---	---	---	------------------------------

11. Бас жүлдені ұйымдастыру талаптары (сапар бағытын, болу кезеңін, қонақ үйлер/мейманханалар санатын, тамақтану түрін, авиакомпания, рейстер, ұшу сыныбын Банк өз бетінше айқындайды және олар Қатысушылардың күткенімен сәйкес келмеуі мүмкін).

12. Банкке байланысты емес себептер бойынша Жеңімпаздың сапарды жүзеге асыруы мүмкін болмаған жағдайы үшін Банк жауапкершілікте болмайды.

13. Бас жүлдеге енгізілмеген және Ережелердің 10-тармағында көрсетілмеген барлық шығындарды Жеңімпаздар өз қалталарынан көтереді.

14. Науқанды өткізу кезеңі: Астана қаласының уақыты бойынша 2024 жылғы 17 желтоқсан күні 00 сағат 00 минуттан бастап 2025 жылғы 23 ақпан күні 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан әрі - "Науқан кезеңі").

15. Науқанға қатысу талаптары:

15.1. 2-ші санаттағы жүлделер үшін аралық ұтыс ойынына (әр 2 апта сайын) қатысу үшін Науқанды өткізу кезеңінде Банк шығарған Mastercard төлем карточкасымен 2 апта ішінде кемінде 50 000 теңге сомасында сатып алу жүргізу қажет (Банктің «Smartbank» ұялы қосымшасы арқылы төлемдерді жүзеге асыру бойынша операцияларды, төлем карточкасынан басқа банктің/Банк ішінде төлем карточкасына (оның ішінде ұялы телефон нөмірі бойынша) аударымдарды, банкоматтар мен кассалардан қолма-қол ақшаны алуды қоспағанда, Банктің төлем карточкасын пайдалана отырып тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу). Егер карта ұстаушы сомасы 50 000 теңгеден бірнеше рет сатып алу жүргізген жағдайда, оның жеңіске жету мүмкіндігінің саны пропорционалды түрде артады. Mastercard картасы бойынша төлемдердің әрбір 50 000 теңгесі үшін клиентке ұтыс ойынына қатысушылар тізімінде қосымша жазба жасалады, бұл оның ұтып алу ықтималдығын арттырады.

15.2. Бас жүлде мен 1-санаттағы жүлделер үшін финалдық ұтыс ойынына қатысу үшін Науқанды өткізудің барлық кезеңінде Банк шығарған Mastercard төлем карточкасымен 50 000 (елу мың) теңгеден және одан жоғары жиынтық сомаға сатып алу жүргізу қажет (Банктің «Smartbank» ұялы қосымшасы арқылы төлемдерді жүзеге асыру бойынша операцияларды, төлем карточкасынан басқа банктің/Банк ішінде төлем карточкасына (оның ішінде ұялы телефон нөмірі бойынша) аударымдарды, банкоматтар мен кассалардан қолма-қол ақшаны алуды қоспағанда, Банктің төлем карточкасын пайдалана отырып тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу). Қатысушы жалпы сомасы 50 000 теңгеге төлем жасаған жағдайда, ол Бас жүлдені және 1-санатты жүлделерді ұтып алуға 1 (бір) мүмкіндік алады. Егер карта ұстаушы сомасы 50 000 теңгеден бірнеше рет сатып алулар жүргізген жағдайда, оның жеңіске жету мүмкіндігінің саны артады. Mastercard картасы бойынша төлемдердің әрбір 50 000 теңгесі үшін клиентке ұтыс ойынына қатысушылар тізімінде қосымша жазба жасалады, бұл оның ұтып алу ықтималдығын арттырады.

15.3. 2-ші санаттағы жүлделер мен Бас жүлделердің ұтыс ойыны (финалдық кезеңде) төменде көрсетілген кестеге сәйкес Науқан кезеңі ішінде әрбір екінші дүйсенбі (жұмыс күні) күндері өткізіледі. Қатысушылары бар тізімдер Ережелердің 15-тармағында көрсетілген Науқанның барлық талаптарының сақталуына сәйкес апта сайын жаңартылады.

1-кезең – 17.12.2024 ж. бастап 29.12.2024 ж. дейін	Жүлделердің ұтыс ойыны – 30.12.2024 ж.
2-кезең – 30.12.2024 ж. бастап 12.01.2025 ж. дейін	Жүлделердің ұтыс ойыны – 13.01.2025 ж.
3-кезең – 13.01.2025 ж. бастап 26.01.2025 ж. дейін	Жүлделердің ұтыс ойыны – 27.01.2025 ж.
4-кезең – 27.01.2025 ж. бастап 09.02.2025 ж. дейін	Жүлделердің ұтыс ойыны – 10.02.2025 ж.
5-кезең – 10.02.2025 ж. бастап 23.02.2025 ж. дейін	Жүлделердің ұтыс ойыны – 24.02.2025 ж.

15.4. Қатысушы аралық жүлдені тек 1 (бір) рет ұтып ала алады, екінші рет жеңімпаз

Қатысушы аралық жүлденің ұтыс ойындарына қатыса алмайды.

16. Науқанның аралық жүлделерін (негізгі және қосалқы) жеңіп алған жеңімпаздарды анықтауды Банк Науқанның тиісті кезеңі аяқталғаннан кейінгі күні random.org сайтында Науқан Ережелерінің талаптарын толық орындаған Науқанға Қатысушылар ішінен кездейсоқ таңдау әдісімен жүргізеді.

17. Науқанның Басты жүлдесін (негізгі және қосалқы) жеңіп алған Жеңімпаздарды анықтауды Банк 2025 жылдың 24 ақпанында random.org сайтында Науқан Ережелерінің талаптарын толық орындаған Науқанға Қатысушылар ішінен кездейсоқ таңдау әдісімен жүргізеді.

18. Апта сайынғы және соңғы ұтыс ойындары тікелей эфирде Банктің "eurasianbank" Instagram парақшасында Астана қаласы уақыты бойынша сағат 16.00-де көрсетіледі.

19. Банк Ережелердің 16 және 17- тармақтарына сәйкес жеңімпаздар анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде (байланыс орнату әрекеті сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін күніне 3 рет) Банк жүйелерінде тіркелген Қатысушымен (ұялы телефон/мессенджер) негізгі байланыс арнасы арқылы Жеңімпаздарды ұтыс туралы хабардар етеді.

20. Жеңімпазда және оның ілесушілерінде (1 ересек адам және 12 жастан аспаған балалар) ұтып алған сәтте міндетті түрде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуға қажетті Қазақстан Республикасының паспорты болуы тиіс. Қазақстан Республикасының паспорты сапардың аяқталу күніне дейін кемінде 6 (алты) ай жарамды болуы тиіс.

21. Жеңімпаз ілесуші ересек адам ретінде - 18 жасқа толған және осы Ережелердің 8-тармағында көзделген Науқанның барлық талаптарына сәйкес келетін адамды таңдай алады.

22. Банк сапарды тек 2 ересек пен 2 бала (12 жастан аспаған) үшін төлеуге міндеттенеді. Жеңімпазда 2-ден артық бала болған жағдайда, сапардың қосымша қатысушылары бойынша жол жүру шығындарын Жеңімпаз өз бетінше көтереді.

23. Егер Жеңімпаз Банктің хабарламасына 2 (екі) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе жүлдеден бас тартса, Банк бірінші қосалқы Жеңімпазбен байланысады, ал бірінші қосалқы Жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаған жағдайда Ережелердің 10-тармағына сәйкес екінші қосалқы Жеңімпазбен байланысады және ары қарай жалғастырады.

24. Ереженің 10-тармағында көзделген Жұлделерді алу үшін Жеңімпазға ұтыс туралы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке anna.pudovkina@eubank.kz электрондық поштасы арқылы келесі құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажет:

1) ЖСН міндетті түрде көрсетілген Қазақстан Республикасының паспортының және/немесе жеке куәліктің сканерленген көшірмесі (екі жағынан) (аты мен тегі төлем карточкасын алған кезде Банкте көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс);

2) Жеңімпаздың нақты тұратын жерінің мекенжайы;

3) ұялы телефон нөмірі.

Оператор Жеңімпаздар туралы деректерді 10% мөлшеріндегі ЖТС (10% жүлдеге жеке табыс салығы) төлеуді қоса алғанда, жүлде қорын аударуды жүзеге асыру үшін пайдаланатын болады.

Оператордың уәкілетті өкілі Жұлдені жеңімпазға беру үшін қажетті өзге де құжаттарды және/немесе мәліметтерді қосымша сұратуға құқылы.

Науқанның Жеңімпазы осы Науқан Ережелерінің 24-тармағында көрсетілген мәліметтерді және құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Жеңімпаз Науқан талаптарын орындамаған болып есептеледі және Банк (Оператордың уәкілетті өкілі) Жұлдені тапсырудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады, ал Жұлде талап етілмеген болып есептеледі.

24.1. Бас жүлде Жеңімпазымен одан әрі байланысты Оператордың уәкілетті өкілі ұялы телефон/мессенджер немесе <mailto:anna.pudovkina@eubank.kz> электрондық поштасы арқылы жүзеге асыратын болады.

24.2. Банк Ереженің 19-тармағында көрсетілмеген өзге тәсілмен Жеңімпазбен байланыс жасамайды.

24.3. Оператор, Банк, Серіктес ешқашан электрондық хаттарды, SMS-хабарламаларды жібермейді және Қатысушылардың және басқа клиенттердің банктік шоттарының нөмірлерін, төлем карточкаларының нөмірлерін/фотосуреттерін, интернет-банкингтің пайдаланушы атын/құпия сөзін, SMS-хабарламалардың бір реттік кодтарын, PIN-кодтарды, жеке кабинеттердің, әлеуметтік желілердегі аккаунттардың және т.б. құпия сөздерін қоса алғанда, құпия ақпаратты ұсынуды сұрап қоңырау шалмайды.

25. 1-ші және 2-ші санаттағы жүлделерді тапсыруды Банк Ережелердің 24-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады. Жүлдені алған кезде Жеңімпаз жеке куәлігін ұсынып, Жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюы тиіс Жеңімпаз Жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда курьер/Ұйымдастырушының өкілі Жеңімпазға жүлдені тапсырудан бас тартуға құқылы.

26. Операторға, Банкке және Серіктеске қатыссыз кез келген себептер бойынша Жеңімпаз Жүлдені ала алмағаны үшін Оператор, Банк және Серіктес жауапкершілікте болмайды.

27. Оператор, Банк және Серіктес Жеңімпаз алған Жүлдені одан әрі пайдаланғаны үшін жауап бермейді. Жүлделердің сыртқы түрі/пішіні/бейнесі және оларды пайдалану әсерлері, Науқанды өткізу шеңберінде таратылатын жарнамалық материалдарда көрсетілген (көрсетілуі мүмкін), нақты материалдардан өзгеше болуы және Қатысушылардың күткеніне толық жауап бермеуі мүмкін.

28. Егер Банк жариялаған Жеңімпаз Ереженің 24-тармағында көрсетілген талаптарды орындамағаны себебінен Жүлде алмаған жағдайда, оны ол қайта талап ете алмайды. Мұндай жүлделерді алмау бойынша шағымдар қаралмайды.

29. Жеңімпаздар алған жүлделер айырбасталмайды және қайтарылмайды. Жүлделердің ақшалай баламасы берілмейді.

30. Банк Науқанның мерзімдерін, талаптарын, жүлде қорын кез келген уақытта толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ Науқанның өткізілуін толықтай немесе бөлігін өз қалауы бойынша тоқтатуға, уақытша тоқтата тұруға, жоюға, бұл туралы Науқанға Қатысушыларды және барлық мүдделі тұлғаларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банктің ресми сайтында ақпарат жариялаумен құқылы.

31. Оператор, Банк және Серіктес Науқанға Қатысушының қателіктерінің, соның ішінде соңғы шығындардың салдары үшін жауап бермейді.

32. Төлем карточкасын пайдалана отырып, 50 000 (елу мың) теңгеден астам сомаға төлемдердің қажетті санын жүргізген кезде төлем карточкасын ұстаушысы әдепкі бойынша Науқанға қатысушыға айналады.

33. Науқанға Банк шығарған Mastercard төлем карталарының жаңа және ағымдағы ұстаушылары қатысады.

34. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы даусыз, сөзсіз және қайтарып алынбайтын тәртіппен Операторға, Банкке және Серіктеске Қатысушының тегін, атын және әкесінің атын (бар болса), оның Науқанға қатысуына байланысты өзге жеке деректерді, сұхбаттарды немесе ол туралы басқа материалдарды, соның ішінде Науқанға Қатысушының фотосуреті мен бейнетүсірілімін, сондай-ақ Науқанға Қатысушымен жасалған фотосуреттер мен бейнежазбаларды Науқан туралы жарнамалық ақпаратты шектеусіз және аумақты шектеусіз және осындай пайдалану үшін кез келген сыйақы төлемей тарату пайдалану құқығын береді.

35. Жүлдені қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсына отырып, Қатысушы Оператордың, Банктің және Серіктестің Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес Науқанды өткізудің барлық мерзіміне және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде өткізу мақсаттары үшін дербес деректерді жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, таратуды, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ иесіздендіруді, бұғаттауды, жоюды қоса алғанда ұсынылған дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін растайды.

36. Науқанға қатысу Оператордың, Банктің және Серіктестің Қатысушының дербес деректерін Науқан өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен және осы Ережелерде көзделген тәртіппен өңдеуге Қатысушының келісімін еркін және саналы ерік білдіруі (келісімі) болып табылады.

37. Ережелердің мақсатында дербес деректер деп тікелей немесе жанама түрде айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат түсініледі.

38. Науқанға Қатысушының Науқанға қатысуға байланысты өз құқықтарын (оның ішінде Жүлде алу құқықтарын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.

39. Науқанға қатысу фактісі Науқанға Қатысушының Ережелермен танысқанын және келісетінін білдіреді. Ережелермен келісу толық және сөзсіз болып табылады.

40. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Оператордың, Банктің және Серіктестің шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

41. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 327, 351-баптарының негізінде жүлделер төлем көзінен салық салынатын табыстарға жатады. Табыстың (ұтыс) осы түрі бойынша ЖТС (жеке табыс салығы) есептеуді және ұстап қалуды Оператор – салық агенті жүргізеді.

42. Ережеде көзделмеген жағдайларда түпкілікті шешімді Оператор және/немесе Банк қабылдайды.

43. Банк (және ол уәкілеттік берген Оператордың өкілі) келесілер үшін жауапкершілікте болмайды:

- Қатысушылардың Науқанға қатысуға және Жүлделерді алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);

- Қатысушылардың Науқанды өткізу және оған қатысу ережелерімен таныспауы;

- Қатысушылардан электрондық хаттарды, қоңырауларды, факсимильді және/немесе электрондық хабарламаларды, оның ішінде почта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, Интернет желісіндегі техникалық проблемалар және/немесе алаяқтық және/немесе науқан өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналарының нәтижесінде алмауы;

- Науқан Жеңімпаздарынан Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмауы (уақтылы алмауы);

- Науқан Жеңімпаздарынан Жүлделерді беру үшін қажетті байланыс деректерін және/немесе өзге де мәліметтер мен құжаттарды толық емес және/немесе қате алу.

44. Науқанға қатысуға, ұтыс ойындарын өткізуге, жүлделерді тапсыруға және басқа да мәселелер туындаған кезде Науқанға Қатысушы anna.pudovkina@eubank.kz электронды мекенжайына хат жаза отырып, Банкке жүгінуге құқылы. Банк жауап хатты Науқанға Қатысушыдан өтініш хатын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.